



КОНКУРС «Астана и Президент»

Әбдуәли Аян,

№ 48 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы

«Мен жаңа астананы көрдім. Мені құрылыстың қарқыны, адам қолымен сомдалып жатқан сұлулық қайран қалдырды. Бұған Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі орасан зор, ол күллі қазақ халқының күш-жігерін жұмылдырып, іс жүзінде жаңа қала, жаңа астана орнатты.

Біз бір-бірімізге жақын, туысқан елдерміз, халықтармыз. Біз Сіздердің табыстарыңызға әрдайым қуанамыз. Қазақстан халқына тың табыстар, бейбіт өмір және мол игілік тілегім келеді».

Ильхам ӘЛИЕВ,
Әзірбайжан Президенті

Астана – еліміздің жүрегі. Астана астана болғалы бері он екі жылдай уақыт өтіпті. Он екі жыл бір қарағанда аз уақыт емес, әлемнің дамыған өркениетті елдерінде осы уақыт ішінде талай-талай ғылыми жаңалықтар ашылып, көптеген өзгерістер болғаны белгілі, алайда экономикалық дербестігі қалыптасып үлгермеген, қарбаластықта күн кешіп жатқан қазақ елі үшін бұл қас қағым сәт. Алғашқы жылдарда жаңа идеяларға тәуекел етудің өзі аса оңай болмағаны да шындық еді. Солардың ішінде аса маңыздыларының бірі Астана қаласын арқа төсіне көшіру туралы алғаш әңгіме көтерілгенде, оған қалың жұртшылық ықылас таныта қоймады. Кеңес үкіметі тұсында қалыптасқан экономикалық жүйе таратылып, жаңа бағыт айқындалмаған өлара тұс, жағдай тығырыққа тіреліп, саяси мәселеден гөрі, жан бағудың әрекеті бірінші орында тұрған. Мұндай кезде тың жерден қала салу екінің бірінің ойына келе бермеуі де заңды.

Болашаққа жасалған көреген қадам, қашан да өз көздеген жеріне жеткізбек. Дұрыс бастама орта жолда қалдырмай, Елбасының әу баста өзі жоспарлаған жерінен шықты деп ойлаймыз. Қазіргі Астананың көркі көрген сайын көңілге қуаныш ұялататыны анық. Тек Астаналықтар ғана емес, ақпарат құралдарынан көріп отырған бүкіл Қазақстандықтардың, тіпті шетелдегі бауырларымыз да Отанымыздың Астанасын көріп, оның болашағына үлкен үмітпен қарайды деп ойлаймыз.

Осы жылдар ішінде Президентіміздің бастамасымен орасан зор жұмыстар атқарылды. Шалғайда жатқан Ақмоланы бүгінгі гүлденген жаңа заман талабына лайық қала етудің өзі зер салып қарағанда аз шаруа емес.

Ақмоланы астанаға айналдыру идеясында мәдени, экономикалық, саяси терең мән бар болатын. Өйткені Алматы сұлу, ғылыми-мәдени әлеуеті қалыптасқан қала, табиғаты жанға жайлы Жетісу өңірінің қолайлы жақтары көп болғанмен, астанаға сай келмейтін жақтары да жоқ емес еді және ол өте үлкен олқы тұсы болатын. Елбасы Н.Ә. Назарбаев осы бір осал жерімізді аса қырағылықпен байқады. Астана қашанда ел аумағының орталығында орналасуға тиіс, орталықтан отырып басқару әрі тиімді, әрі экономикалық жағынан да қолайлы. Екіншіден, Алматы қаласы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан, бұл солтүстік, батыс, шығыс аймақтарымен байланыс жасауға алыс әрі қолайсыз болатын. Мұндай жағдайда шеткері аймақтар өз дәрежесінде дами алмайды. Алматы қаласының айналасындағы біраз аумақты тау қоршап жатыр, сондықтан көлік қатынасына да қолайсыз болды. Ал Астана қаласы керісінше, жазық жатқан далалы жерде орналасқан. Айналасы ашық, көлік қатынасына аса қолайлы. Осы мәселелерді ескерген Елбасы 1997 жылы Қазақстанның астанасын Ақмола облысына көшірді. Ал 1998 жылы 6 мамырда Ақмола атауы Астана қаласы болып өзгертілді. Міне, астананың Ақмолаға көшірілуінің басты себебі осы еді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Астана қаласын аз ғана уақыт ішінде осындай керемет жағдайға келтіруі зор еңбек еді. Неше түрлі, аспанмен таласқан ғимараттар салдырды. Олардың ішінде Бәйтерек, Хан шатыры, Пирамида, Салтанат сарайы қалаға аса зор көрік беріп тұр.

Астана қаласы қазір ғылым мен білімнің, мәдениеттің орталығына айналып отыр. Мұнда, ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындары орналасқан. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ ұлттық музыка академиясы, «Астана медициналық университеті» АҚ, «Қазақ гуманитарлық-заң университеті» АҚ, «Еуразия гуманитарлық институты» жоғары білім мекемесі, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, «Тұран-Астана» университет мекемесі, М.В. Ломоносов атындағы ММУ-нің Қазақстандық филиалы, Қазақ инженерлік-техникалық академиясы, Қаржы академиясы жастарға білім беріп, еліміздің болашағына қызмет ететін мамандарды даярлап жатыр.

«Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры» РМҚМ, Қ.Қуанышбаев атындағы Ақмола облысының қазақ музыкалық драма театры, "Самұрық" кинотеатры, "Конгресс-холл" сарайы қала тұрғындарының бос уақыттарында демалуына арналған мәдени орындар. Онда әсіресе мереке күндері халық көп жиналып, ұлттық мәдениетіміз бен қазақ өнерінің жетістіктерін тамашалап, рухани азық алады.

Астанның көркеюімен бірге, айналасындағы елді мекендер де дами бастады. Кеңес үкіметі тұсында қалыптасқан Ресейдің бір бөлігі секілді жағдай өзгеріп, қазақы орта қалыптасып, мемлекеттік тілдің бұл өңірлерде де қанат жаюына мүмкіндік туды. Астана қаласының дамуымен бүкіл Қазақстанның аумағындағы қалалар өркендеп, мәдениеттің жаңа сатыларға көтерілуіне бағытталған жағдайлар қалыптасты.

Астана қаласы еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың баға жетпес идеясы. Осы идеяның аясында Қазақстан қазіргідей дүниежүзі таныған, мойындаған елге айналып отыр. Астана қаласы, алдағы уақытта да дами беретіні

[Введите текст]

сөзсіз, оған орналасқан географиялық орны да, қазіргі қалыптасып отырған тұрмыстық ахуал да мүмкіндік береді. Осы жылдар ішінде еліміздің түкпір-түкпірінен қалаға келіп орналасқан тұрғындар арасында “Астаналық” деген ұғым қалыптасты. Осы қалада туған бүтін бір буын өкілдері өсіп келеді. Олар өздерінің туған қаласын соншалықты жақсы көретініне күмән жоқ. Осының бәрі тереңінен ойластырылған Елбасы идеясының жемісі еді.